

Қазақстан Республикасына мұнай және газ скважиналарында геофизикалық зерттеулерді орындау үшін иондаушы сәулелеу көздерін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 шілдедегі N 1188

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 P960298_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шлюмберже Лоджелко, Инк" компаниясының "Ойлфилд Лоджистикс" акционерлік қоғамына "Шлюмберже Лоджелко, Инк" компаниясы мен "Арман" бірлескен кәсіпорнының арасындағы 1997 жылдың 16 шілдесіндегі N 1 келісім-шартқа сәйкес мұнай және газ скважиналарында геофизикалық зерттеуді орындау үшін Қазақстан Республикасына екі иондаушы сәулелеу көзін (Amersham Model CDC-CV3, 5 кюриге дейін және SWS Model H 245258 NSR-M 10 кюриге дейін) әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Иондаушы сәулелеу көздерін әкелуге бақылау жасау Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.25. N 1281

қаулысымен.

P971281_

4. Иондаушы сәулелеу көздерін пайдалану қауіпсіздігіне бақылау жасау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет департаментіне жүктелсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.08.25. N 1281

Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК